

Пән: Қазақ тілі мен әдебиеті

- **Сабақтың тақырыбы:** Сауда тарихы. Ұлы Жібек жолы – сауда мәдениетінің өркендеу биігі. Екіжақты келісімді сауда
- **Мақсаты:**1) Оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіндіреді.
- 2)Қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын талдайды;

50-69 балл Сөздікпен жұмыс/ аудару сөз тіркес құру/ слова перевести, составить словосочетания

Оқушылар берілген сөздермен танысады, әр сөзге сөйлеммен мысал келтіреді.

Ұлы жібек жолы	
Ғасыр	
Аң терілері	
Зергерлік бұйым	
Керуен	
Қала	

70-89 балл

Ұлы Жібек жолы белгіленген сөздерді аудару, жаттау/ выделенные слова перевести и выучить

- Адамдар өте ерте кезден-ақ бір-бірімен **сауда** жасасқан. Бұл сауда орындарының – **базардың, жәрмеңкенің,** сонымен қатар **ел мен елді, қалалар мен халықтарды** бір-біріне жалғаған **сауда жолдарының** пайда болуына себепші болды. Жолдар бір-біріне қосылып, **батысқа, шығысқа, оңтүстікке, солтүстікке** қарай көршілес жатқан жерлердің бірінен соң біріне жылжи отырып созыла берді. Осылайша Еуропа мен Азияда Ұлы Жібек жолы пайда болды. Чжан Цяньның жасаған **саяхаты** нәтижесінде б. з. б. 2 ғасырда ашылды.
- Байырғы заманда** жердің түкпір-түкпірінде тұратын адамдар бір-бірімен сауда байланысын жүргізген. Алғашында бұл зәру заттармен айырбас ретінде жүзеге асқан. Мысалы, **асыл тастар, алтын, күміс, тұз, шипалы өсімдіктер, мал, сәйгүлік аттар, қымбат бағалы аң терілері, қола мен темірден жасалған заттар, мата, азық-түлік** және басқа да тауарлармен алмасқан. Кейіннен ақшаға сауда-саттық басталып, көптеген елдер мен қалаларды байланыстырған орталықтар — базар, жәрмеңке, сауда жолдары ашылды. Жолдар бір-бірімен ұласып, Шығыс пен Батысқа, Оңтүстік пен Солтүстікке қарай жалғасып, көптеген жаңа аймақтарды қосты. Осылай б.з.б. II ғасырдың ортасында Еуропа мен Азияны біріктірген Ұлы Жібек жолы пайда болды.

90-100 Ұлы Жібек жолы

<https://www.youtube.com/watch?v=1VpDvZRW6zM>

Бейнероликті бар назарыңызбен тыңдаңыз да сұрақтарға жауап беріңдер
прослушать видеоролик ответить на вопросы



Сұрақтар:

- Ұлы Жібек жолы қашан дами бастады?
- Ұлы Жібек жолы арқылы қандай заттар тасымалданды?
- Ұлы Жібек жолы қай жерлерді байланыстырды?
- Ұлы Жібек жолының қандай септігі тиді?
- Ұлы Жібек жолы қалай пайда болды?
- Ұлы Жібек жолының қашықтығы қанша?
- Ұлы Жібек жолы арқылы көп жағдайда не жеткізіліп отырды?
- Темірден бұйымдар жасау қайдан келді?
- Батыстан не жасауды үйрендік?
- 6-7ғ. ең жиі пайдаланылған бағыттар.
- Әлемдік валюта түрі не болып саналды?
- Жібек матаны кімдерге сыйлады?
- Ұ.ж.ж қай ғасырға дейін пайдаланылды?
- Оның жойылуына не әсер етті?

Сабақ аяқталды. Рақмет.

- **Сау болыңыздар**